

Бекітемін:

*А.Бекова*

Мектеп директорының м.а. А.Бекова

«28» *08* 2023ж

"Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы

Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің «Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

### МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖОСПАРЫ

2023-2024 оқу жылы

"Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№17 жалпы білім беретін мектеп » коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**

**МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖОСПАРЫ**

**2023-2024 оқу жылы**

## МАЗМҰНЫ

Түсінік хат	3
Басқару шешімдерінің матрицасы	5
Мектепшілік бақылау жоспарларының үлгілері	27

## *Түсінік хат*

Білім беру саласындағы инновациялармен байланысты динамикалық өзгерістер мектеп әкімшілігінен білім беру процесін тиімді іске асыру үшін өзгерістерді жоспарлау мен басқаруда жаңа тәсілдерді талап етеді.

Білім беру ұйымының заманауи басшысында басқару құзыреттілігі болуы тиіс, өзінде стратегиялық көшбасшылық дағдыларын дамыта отырып, бүкіл мектеп командасының тиімді жұмыс нәтижесін көрсете алуы керек. Білім беру процесін ұйымдастыруда білім беру ұйымы қызметінің барлық бағыттары бойынша мектепшілік бақылауды сапалы жоспарлау мен жүзеге асыру маңызды.

Бақылауға және жақсартуға байланысты басқарушылық міндеттерді іске асыру үшін жыл сайын әрбір мектеп "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың Тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес мектепшілік бақылау жоспарын әзірлейді (бұдан ары - МІБ).

Мектепшілік бақылау жоспары 6 бағыттан тұрады:

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;
2. Оқу процесінің сапасын бақылау;
3. Оқушылардың білімдегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты бақылау;
4. Оқу-зерттеу қызметі;
5. Мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау;
6. Тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларды өткізуді бақылау.

Мектепшілік бақылауды жоспарлау алдында аналитикалық деректерге сүйене отырып, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мәселесін шешу үшін күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерді анықтау мақсатында SWOT талдауын жүргізген жөн.

6 бағытқа назар аудара отырып, әр мектептің әкімшілігі оқу жылының соңында бақылау объектілерін анықтайды және нақты білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесін жетілдіру идеясына бағытталған басқару шешімдерін болжайды.

Мектепшілік бақылау жоспарын іске асыру бойынша әзірленген Нұсқаулық мектеп басшысы мен орынбасарларын қамтитын басқару тобына мектепшілік бақылауды іске асыруға жауапты барлық бағыттар бойынша тиімді басқару шешімдерін қабылдаудың пәрменді моделін құруға көмектеседі.

Нұсқаулықта нақты мектептің жағдайына бейімделуге болатын келесі материалдар берілген:

1. Бақылаудың әрбір бағыты бойынша «Басқару шешімдерінің матрицасы»;
2. Мектепшілік бақылау Жоспарының үлгілері мен жалпыланған нұсқалары.

Ұсынылатын материалдың әр нұсқасы тәжірибелік тұрғыдан құнды, өйткені оқу-тәрбие процесінің барлық көрсеткіштерінің жақсаруымен қатар, күшті жақтарын арттырып, қауіптерді азайту үшін МІБ жоспарын қолайлы, өзекті етуге мүмкіндік береді.

«Басқару шешімдерінің матрицасы» - қауіптерге негізделген объектілерді анықтауға арналған ыңғайлы алгоритм, ол сонымен қатар анықталған мәселені түзету немесе жою үшін басқарушылық шешімнің нұсқасын ұсынады. Жүргізілген жұмыстың тиімділігі мен тартылған әкімшілік ресурстардың орындылығы басқарушылық шешімдерді таңдауға байланысты болады.

МІБ жоспарының үлгілері мен жалпыланған нұсқалары бақылау жоспарының тақырыбын, мақсатын, түрін және басқа элементтерін анықтауда қиындықтары бар мектеп командалары үшін пайдалы болады.

МІБ жоспарлау кезінде SMART критерийлеріне сәйкес келетін (нақты, өлшенетін, қолжетімді, шынайы, уақытпен шектелген) бақылау мақсатын қоюға ерекше назар аудару қажет.

Әдістемелік бірлестік жетекшілерін, тәжірибелі педагогтарды, шығармашылық топтарды жұмысқа тарта отырып, мектеп командасының әрбір субъектісінің жауапкершілік дәрежесін дұрыс бөлу маңызды. Әр мұғалім мен сынып жетекшісі өз жұмысының әлсіз жақтарын дербес анықтап, жағдайды өз құзыреті шегінде түзететін өзін-өзі бақылау құралдарын әзірлеу басқарудың тиімді қадамы бола алады.

## Анықталған мәселелер мен қауіптер бойынша басқару шешімдерінің матрицасы

Бақылау объектілері мен қауіптер алдыңғы оқу жылының нәтижелеріне егжей-тегжейлі жасалған SWOT талдауы негізінде анықталады. Директордың орынбасары, ӘБ жетекшісі, осы бағытқа жауапты мұғалім алгоритм бойынша келесі компоненттерді таңдай отырып әрекет етеді: бақылау объектілері-мәселелер, қауіптер- басқарушылық шешім нұсқасын таңдау- бақылаудың циклы нақты мектептің жағдайына байланысты жүреді.

### I. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ЖӘНЕ ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕС МЕКТЕП ҚҰЖАТТАМАСЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІН БАҚЫЛАУ

№	Бақылау нысаны	Мәселелер, қауіп-қатерлер	Басқарушылық шешімдердің нұсқалары
1	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беу, бастауыш,негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.	Мазмұнға, оқу жүктемесінің максималды көлеміне, оқу мерзімі мен білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптардың сақталмау қаупі.	Жыл сайын жүргізілетін өзін-өзі бағалау материалдарын, білім беру процесінің барлық бағыттары бойынша жинақталған сандық және сапалық деректердің егжей-тегжейлі талдауы негізінде ғана әзірлеу.
2	Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2022 жылғы 8қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.	Күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының оқу бағдарламаларына сәйкес болмау қаупі	Педагогикалық кеңесте қолданыстағы оқу жоспарларын (ҚОЖ) талқылау және бекіту, хаттама.
3	«Қазақстан Республикасы Ағарту Министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 «Жалпы білім беру мен курстардың бастауыш, негізгі	Күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының оқу бағдарламаларына сәйкес болмау қаупі.	ӘБ отырыстарында күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды қарау, хаттама.

	орта және жалпы орта білім берудің деңгейін таңдаудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.		Факультативтік және элективтік курстардың пәндері, бағдарламалары бойынша КТЖ-ды қорытындылары мен ұсыныстарын көрсете отырып, әкімшіліктің тексеруі.
4	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Электронды журналдың уақтылы толтырылмау қаупі;</li> <li>2. ҚМЖ құрылымының сақталмау қаупі;</li> <li>3. Тәлімгерлік құжаттамаларының сапасыз жүргізілуі қаупі;</li> <li>4. Педагогтердің, білім алушылардың жеке іс-қағаздарын жүргізу талаптарының орындалмауы қаупі;</li> <li>5. Білім алушылардың үлгерім табелдерін, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейі бойынша берілетін аттестаттарды есепке алу құжаттарын қате толтыру қауіптері;</li> <li>6. Алфавиттік кітапты жүргізу талаптарының орындалмауы қаупі;</li> <li>7. ҰБДҚ электронды базасын уақтылы жүргізбеу және қате толтыру қаупі;</li> <li>8. Тіркеу кітабының талапқа сай жүргізілмеуі қаупі;</li> <li>9. Білім алушылардың есепке алу кітабының толық толтырылмауы, барлық бағандарының толық толтырылмауы, мектептегі оқушы санымен сәйкес болмауы, алфавиттік ретпен жазылмауы, реттік санының өзгертілмеуі, кеткен оқушыларға бұйрық нөмірінің жазылмауы қауіптері; аттамалардың, бұйрықтардың қаулыға сәйкес ресімделмеуі қаупі;</li> </ol>	<p>Журналды толтыру туралы есептің күн сайынғы түсірілімі, сандық және сапалық деректердің талдауы.</p> <p>Құжаттарды тексеруге, талап бұзушылықтарды анықтау мақсатында құзыреттілігі жоғары педагогтер мен ӘБ жетекшілерін тарту.</p> <p>Директор жанындағы отырыста қарау. Анықтама.</p>
5	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама	Хаттамалар мен бұйрықтарды рәсімдеу кезінде құжаттау ережелері талаптарының бұзылу қаупі.	Құжаттардың талдауларға сәйкестігін

	<p>жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қаулысы талаптарын орындау.</p>		<p>тексеру комиссиясын құру, тексеру акті, анықтама</p>
<p>6</p>	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.</p>	<p>Оқу үлгерімін ағымдағы бақылау талаптарының бұзылу қаупі; (қалыптастырушы бағалау, бөлім бойынша жиынтық бағалауға қойылатын жоғарғы ұпай (БЖБ), тоқсандық жиынтық бағалау алудың кестесі (ТЖБ), үйде оқитындарды бағалау, ерекше білім беруді қажет ететіндер ЕБҚ, «сынақ»/ «сынақтан өткен жоқ» қойылатын пәндердің реті;  2. Қорытынды аттестаттауға дайындық сабақтарында сапасыз тапсырмаларды қолдану қаупі,  3. Оқу пәндерінен тиімсіз қосымша сабақтардың жүргізілу қаупі; (жүйелі мониторинг арқылы анықтау).  4. БЖБ, ТЖБ –ның сапасыз өткізілуі мен нәтижелерінің жан-жақты талданбауы қаупі;  5. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау кестесін құруда қателіктердің жіберілу қаупі,  6. Қорытынды аттестаттау кезінде емтихан хаттамаларын қате толтыру қаупі;  7. Қорытынды аттестаттау комиссиясы жұмысының талаптарды сақтамау қаупі; (объективті бағаламау, академиялық адалдықтың бұзылуы).</p>	<p>Әдістемелік бірлестік отырысында төмендегі сұрақтарды қарастыру:  - тапсырмалардың оқу мақсатына сәйкестігі;  - тапсырма көлемі;  - тапсырманы орындау үшін нұсқаулықтың болуы;  - тапсырманы орындау уақытының берілуі;  - тілдік пәндердегі бағалау ерекшеліктерін ескеру: төрт тілдік дағдылар бойынша бағалау жүргізіледі (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым).  - аудио (тыңдалым) мен айтылым дағдыларын бағалау регламенті;  - мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасарлары мен критериялы бағалау бойынша үйлестірушілердің жұмысын күшейту (оқу семинарларын, коучингтер, жеке және топтық кәсіби кеңестер, өзара оқу мен өзара қолдау шараларын жүйелі жүргізу).  Мектептің әдістемелік кеңесінде қарау. Анықтама.  Қорытынды аттестаттауға даярлық мәселелерін педагогикалық кеңесте</p>

			қарау (ҚА); ҚА қатысатын педагогтерге емтихандарды өткізу ережесі мен жұмыстарды бағалау, академиялық адалдықты сақтау туралы ортақ түсінік қалыптастыру мақсатында нұсқаулық жүргізу;
7	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.	Оқулықтарды бейтарап үлестіру қаупі (оқушылардың әлеуметтік статусын есепке алу)	Оқулықтарды үлестіру мәселелері бойынша кітапханашы мен әлеуметтік педагог талдауы
8	Қазақстан Республикасы Денсаулық министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын сақтау.	1. Оқу кабинеттерінде санитарлық талаптардың бұзылу қаупі. 2. Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастыруда санитарлық талаптардың бұзылу қаупі.	Директор жанындағы отырыста қарау. Анықтама. Санитарлық талаптардың сақталуына ай сайын шолу бақылауын жүргізу.  Тамақ сапасын бақылауға ата-аналар қауымын белсенді түрде тарту.
9	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді	1. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан уақытында өтпеу қаупі. 2. Педагогтер мен директор орынбасарларын аттестаттау ережелерімен таныстырудың жүргізілмеу қаупі. 3. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін көтеруге қолдаулардың сапасыз жүру қаупі. 4. Мемлекеттік қызмет көрсету мен тіркелу кезінде бұрмалаушылықтардың болу қаупі. 5. Академиялық адалдықтың бұзылу қаупі.	Педагогтер мен директор орынбасарларының біліктілікті арттыру курстары мен аттестаттаудан өту кестесін жүргізу. (біліктілікті арттырудың бекітілген бағдарламаларына сай). Әдістемелік отырыстарда педагогтерді аттестаттау талаптары бойынша педагог жетістіктерін қарау. Аттестаттаудан өтерде педагогтерге

	және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.		әдістемелік сүйемелдеудің болуы. Аттестаттаудың шарттарын орындау мақсатында, академиялық адалдық, кәсіби өсу, құжаттар мен дәлелдемелердің сапалы болуы, аттестаттау процедураларынан өту ережелері бойынша педагогтерге нұсқаулық беру. Хаттамалар. Ұсынымдар. Кестелер.
10	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқу құралдары, жиһаз сондай-ақ оқуға қажетті құрал-жабдықтардың болмау қаупі.</li> <li>2. Мектеп жабдықтарына, жиһаздарға, оқу құралдарына мұқтаждықты дұрыс емес есепке алу мен құрастыру қаупі.</li> <li>3. Оқу бөлмелерінде білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін жиһаздарды қолдану қаупі.</li> </ol>	Директор жанындағы отырыста кабинеттерді төлқұжаттау (паспорттау) өткізу мен перспективалық дамытуды қарау. Анықтама.
11	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сынып жетекшілер құжаттамасының сапасыз жүргізілу қаупі.</li> <li>2. Сынып жетекші міндеті талаптарының сақталмау қаупі (ұйымдастырушылық-үйлестірушілік, талдау, қарым-қатынас, бақылау).</li> </ol>	Құжаттаманы жүргізу ережелерін әзірлеу және сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік отырысында қарау. Сынып жетекші міндеттері талаптарын бұзбау бойынша өзін-өзі талдау (өзін-өзі талдауға нұсқаулық әзірлеу, тәжірибелі, жақсы нәтиже көрсеткен сынып жетекшілерді тарту).
12	Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған тіл саясатын іске асыру бағдарламасын орындамау қаупі.</li> <li>2. Мемлекеттік тілде іс қағаздар жүргізуде жіберілетін қателіктердің болу қаупі.</li> </ol>	Тіл саясатын жүзеге асыру шараларын мектеп жұмысының жоспарына қосу. Мектеп іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу сапасын әр тоқсан сайын тексеріп отыру мақсатында комиссия жұмысын ұйымдастыру.

	асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» қаулысы талаптарын бұзбау		
13	Әдістемелік-нұсқаулық хат ұсынымдарын орындау	Оқу жылында ҚР ОББҰ оқу-тәрбие процестерін ұйымдастыру ерекшеліктері нұсқаулығын елемеу қаупі.	Педагогикалық кеңесте қарастыру

## II. ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ САПАСЫН БАҚЫЛАУ

№	Бақылау нысаны	Мәселелер, қауіп -қатерлер	Басқару шешімдерінің нұсқалары
1	Оқу-тәрбие процесі (пән бойынша, параллель, сыртқы немесе қорытынды бағалауға дайындық бағыты бойынша)	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Білім сапасының төмен деңгейде болу қаупі;</li> <li>2. Сыртқы бақылаумен расталмайтын жоғары бағалардың қойылу қаупі;</li> <li>3. Оқушылардың білім сапасын жоғары деңгейге жеткізу сондай-ақ қабілетті/ дарынды оқушылармен және үлгермеуші оқушылармен әдістемелік тұрғыдан негізделген жүйелі жұмыстардың болмау қаупі.</li> <li>4. Сабақты бақылау барысында айқындалған мұғалім жұмысының жүйесіздігі, ата-аналар немесе оқушылар тарапынан шағымдардың болу қаупі.</li> <li>5. Академиялық адалдық талаптарының бұзылу қаупі.</li> </ol>	<p>«Нөлдік» кесіндісін жүргізу және талдау. Өзара сабақтарға қатысу, Мұғалімге әдістемелік көмек Мұғалімнің педагогикалық қызметін жақсарту үшін маршрут парағын құру</p> <p>Білім сапасын арттыруға бағытталған Lesson Study и Action research (LSжәне AR), зерттеулерін ұйымдастыру.</p>
2	Пәндер бойынша білім сапасының артуы динамикасы: -пәндер өткен оқу жылының мониторинг нәтижелері мен талдауы негізінде таңдалады,	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. ЖМББС нормаларынбілмеу, АКТ мүмкіндіктерінпайдаланудымеңгермеу, сабақтыбасқарудыинновациялықталаптарынтүсінбеуәрекеттеріненкөрінетін, педагогтердіңкәсібибіліктіліктерініңтөмен болу</li> </ol>	Алдыңғытоқсанғапәндерденбілімдітексерубойыншаәкімшіліккесінділералу(бақылау үшінпәндердіңретіталдаунәтижелерібойыншаанықталады)

<p>- пәндерді МІБ жоспарында әр айға бөліп қоюға болады;</p> <p>- бақылау аралық және қорытынды білім деңгейлерін анықтайтын диагностикалық сипатта жүргізіледі;</p> <p>-пәндердің таңдалуы білім беру ұйымының даму басымдықтарына, ішкі бағалау нәтижелері мен нақты бір уақыт аралығындағы білім сапасының ішкі көрсеткіштеріне байланысты болады;</p> <p>Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті Әдебиеттік оқу Өзбек/тәжік/ұйғыр тілі Өзбек/тәжік/ұйғыр әдебиеті Орыс тілі мен әдебиеті Орыс тілі Әдебиеттік оқу Орыс әдебиеті Қазақ тілі мен әдебиеті Шеттілі Математика Дүниетану Жаратылыстану Алгебра Геометрия Информатика Биология География Химия Физика Қазақстан тарихы Дүниежүзі тарихы Құқық негіздері</p>	<p>қауіп.</p> <p>2. Әр сабақтың smart-мақсатын толық түсінбеу, оқу пәндері бойынша күтілетін нәтижеге жете алмау қауіп.</p> <p>3. Әр тапсырмаларды орындауда білім мен дағдыларды қалыптастыру үшін нақты критерийлердің болмауы, бағалау критерийлері мен тапсырмалардың, дескрипторлардың өзара сәйкес келмеуі қауіп.</p> <p>4. Бағалауға арналған тапсырмалардың, бағалау принциптеріне валидті, сенімді, объективті сай құрастырылмау қауіп.</p> <p>5. Оқушылардың оқу жетістіктерінің тиісінше, эпизодтық бағалау қауіп.</p>	<p>Мектептің педагогикалық кеңесінде, ӘБ,ӘК-де пәндер бойынша білім сапасын көтеру мәселелерін қарау.</p> <p>Білім беру нәтижелерін көтеру бойынша ұсынбалар әзірлеу, мониторинг зерттеулерінің нәтижесі бойынша жұмыс жоспарына өзгертулер енгізу.</p> <p>Әдістемелік тәсілдерді жетілдіру арқылы, білім беру сапасын арттыру бойынша педагогтерге оқу семинарларын, коучингтер мен тренингтер ұйымдастырып өткізу.</p> <p>Білімді қайталау арқылы бекіту мен даралап оқытуға жағдай туғызу үшін педагогтар мен сандық оқу ресурстарын (интерактивті жұмыс парақтары, онлайн сынақтар, оқу және дамытушы ресурстарға сілтемелер) әзірлеу.</p>
---	---	--

3	Факультатив сабақтарын жүргізу	1. Факультатив курсы жоспары мен сабақтардың сәйкес болмау қаупі. 2. Сабақтағы оқу материалдарын көшіру қаупі. 3. Оқытудың біртүпті тәсілдері мен әдістерін қолдану қаупі. 4. Теория мен тәжірибенің әлсіз байланыста болу қаупі.	Педкеңесте факультатив сабақтардың бағдарламасын сараптамадан өткізу және бекіту. Факультатив сабақтарына өзара қатысуды ұйымдастыру. Факультатив сабақтарында ғалаужәнем ұғалім мен оқушы әрекеттерін талдау. Факультатив сабақтардағы оқу процесін әтижелілігінің көрсеткіштері мен критерийлерін әзірлеу. Факультативтердің сапалы жүргізілуінің мониторингі (әзірленген көрсеткіштер мен критерийлер бойынша)
4	Балалардың ерекше топтарын оқыту процесі (ЕББҚ, талантты және дарынды, ынтасы жоғары оқушылар және т. б.) Үйден оқытылатын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды оқыту процесі;	1. Сыныптағы әр түрлі балалардың ерекшеліктері мен мүдделерін елемеу қаупі. 2. Сыныптағы білім алушылардың қажеттіліктерінен туындайтын жанжалдарды жеңудегі білместік. 3. Жалпы білім беру жағдайында даралап оқыту, саралап оқыту тәсілдерінің жоқтығы.	Саралап және даралап оқыту тәсілдерін қолдануды бақылау. Білім алушылардың кейбір топтары үшін, оқудағы қажеттіліктерін есепке ала отырып сапалы білім алуына жайлы жағдайлар жасау.
5	1,5,10- сынып оқушыларын бейімдеу үрдісі	Әртүрлі деңгейдегі талаптардың білім сапасын төмендетуі, оқушыларда мотивацияның жоғалуы, тәртібі мен оқуға қарым-қатынасындағы өзгерістердің туындау қаупі.	Оқудың жаңа шарттарымен, жаңа мұғалімдермен, талаптармен таныстыру мақсатында бейімдеу бағдарламасын бекіту және енгізу. Педагогикалық консилиумдар өткізу; Жекелеген оқушылармен түзету жұмыстарын ұйымдастыру; Психологтардың сүйемелдеуі мен қолдауы;

6	Сыртқы бағалау критерийлері бойынша білім беру нәтижелерінің деңгейі (ББЖМ, PISA, PBTS, (PISA-based Test for Schools), TIMSS, PIRLS, ICILS, ҰБТ)	<p>1.Функционалдық сауаттылықтың төмендігі, әсіресе оқу сауаттылығының(мәтінді оқу мен түсіну сапасы), математикалық, жаратылыстану ғылыми сауаттылық, алған білімін тәжірибеде қолдана алудың төмен деңгейде болу қаупі.</p> <p>2.Мұғалім тарапынан объективті бағалаудың болмауын анықтау қаупі.</p> <p>3. Сыртқы бағалау процедураларына психологиялық дайын болмау проблемаларының болу қаупі.</p>	<p>Сабақтарға өзара қатысу, сабақ жоспарларын бірлесіп әзірлеу, пән аралық байланыс орнату.</p> <p>Функционалдық сауаттылықты арттыруға бағытталған тапсырмалар базасын қалыптастыру.</p> <p>Халықаралық зерттеулердің жабық ақпараттарынан алынған тапсырмалардың талдауы мен мониторингі.Тапсырмалардың талдауы мен мониторингі нәтижелерін мектептің әдістемелік кеңесінде қарау.</p>
7	«Өмірқауіпсіздік негіздері» міндетті оқу курсымен танысу; «Жол қауіпсіздігі ережелері» міндетті курсымен жүзеге асыру.	<p>Бастауыш сыныптарда «Дүниетану»,5-9-сыныптарда «Дене тәрбиесі», 10-11- сыныптарда «АЭТД» пәндері бойынша оқу бағдарламасының орындалмауы қаупі.</p> <p>Білім алушыларда қысылтаяң жағдайларда әрекет ету дағдыларының төмен деңгейде болу қаупі.</p>	<p>ӨҚН компоненттерін сабақ аясында жүзеге асыру бойынша әдістемелік семинарлар өткізу.</p> <p>Оқушылардың қысылтаяң жағдайларда әрекет ету дағдыларының мониторингін жүргізу(кесінділер,тәжірибелік сабақтар).</p>
8	Кітапхана қорының оқу және көркем әдебиеттермен жасақталуы	Кітап қорының оқу және көркем әдебиеттермен жеткілікті жасақталмау қаупі.	Оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етуді қарастыру, уақытында қалыптастыру және сұраныс беру.

### III. БІЛІМДЕГІ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫ ТОЛТЫҚТЫРУ ЖӘНЕ ТӨМЕН КӨРСЕТКІШТЕР БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРДЫ БАҚЫЛАУ

№	Бақылау нысаны	Мәселелер, қауіп-қатерлер	Басқарушылық шешімдердің нұсқалары
1	<p>Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру жұмыс жоспарының құрылуы,білімдегі олқылықтарды жоюға бағдарланған тапсырмалардың ҚМЖ- да көрініс табуы.</p>	<p>1.Кейбір пәндер бойынша оқу мақсатына жетуде оқушыларда кездесетін кедергілерді елемеу қаупі.</p> <p>2.Білімдегі олқылықтарды толтыруға бағытталған бөлек тапсырмалардың ҚМЖ да болмауы.</p> <p>3.Оқу және тәжірибелік материалдардың біртіндеп күрделенетін сприальдық тәсілі мен тақырыптар арасындағы сабақтастықтың болмауы қаупі.</p> <p>4.Білім сапасының төмендеу себептерін елемеу қаупі (сабақтардан қалу,отбасындағы қолайсыз жағдайлар,әлсіз денсаулық, тілдік кедергілер, сынып ұжымына бейімделудегі кедергілер және т.б.)</p> <p>5.Мұғалімдердің білімді игертудің тиімді әдістерін білмеуі,кейбір сыныптардағы пән мұғалімдерінің оқушыларда ептілік пен дағдыларды қалыптастырудың тәсілдерін меңгермеу қаупі.</p>	<p>ӘБ бойынша бірлескен жоспарлаулар мен оқушылардағы білім сапасының төмендеу себептерін анықтау.</p> <p>Мұғалімдердің .сабақта және сабақтан тыс жұмыстарының тиімділігін анықтайтын критерийлер негізінде,білімдегі олқылықтарды жоюға бағытталған ұсынбалар әзірлеу.</p> <p>Білім алушылардың білім сапасы төмендеу себепін анықтау мақсатында ҚМЖ-на басымдық беріп, оқу мақсатына жету үшін әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану</p>

2	Әр пән бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың негізгі көрсеткіштері	<p>Пәннің оқу бағдарламасы бойынша біліміндегі олқылықтар,білімнің жүйелі болмауы, оқу пәнінің терминологиясын түсінбеу қаупі</p>	<p>Кейбір пәндер бойынша оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі( әр мектепте таңдалатын пәндер, оқудың алдыңғы кезеңіндегі білім сапасына қарай белгіленеді)</p> <p>Оқушылардың білім, білік дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді кері байланыс беру тәсілін таңдау және оқу тапсырмаларын орындауын тексеру талаптарын әзірлеу.</p> <p>Шағын топтарда жұмыс істеу мүмкіндіктерін пайдалану, өзара оқу,өздігінен оқу,сандық оқу ресурстарын қолдану.</p> <p>Өткен оқу жылы мен ағымдағы оқу жылындағы оқу пәндерінің оқу мақсаттары мен тақырыптарын интеграциялау.</p>
		<p>Білім алушылардың оқу жетістіктерінің төмен деңгейіне алып келетін, мұғалімнің оқушының сабақтағы оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруындағы олқылықтарының болу қаупі.</p>	<p>Жеке қолдау көрсету үшін білім алушылардың қажеттіліктерін анықтау</p>
		<p>Білім алушылардың оқуы үшін қажетті өзіндік жеке қасиеттерінің даму деңгейінің жеткіліксіздігі (метапәндік дағдылар)немесе білімді толық меңгеруге кедергі келтіретін жеке психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерінің болуы(гипербелсенділік, қысқа мерзімді жады, көруге қатысты проблемалар және т.б.)</p>	<p>Дамытушы тапсырмаларды іріктей отырып, оқудың жеке жоспарын жасау</p>
		<p>Эмоционалдық қолайсыздық</p>	<p>қосымша сабақтарды және өзара көмек беруді ұйымдастыру және білім алушыға қолдау көрсету бойынша ата-аналармен жұмыс жүргізу.</p> <p>Эмоционалдық қолайсыздық себебтерін анықтау мақсатында психологпен жеке жұмыс ұйымдастыру</p>

3	Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстарды ұйымдастыру деңгейі	Жалпымектептік білім деңгейінің төмендеу себептерін анықтағаннан кейінгі жұмыстардың жоқтығы;	Барлық оқушылар арасында жауапкершілікті бөлу, 100% оқушыларды тарту, ата-аналармен жұмыс, параллель сыныптардағы педагогтер тарапынан проблеманы шешуге зерттеушілік тәсілдер қолдану. Қабылданған шаралар тиімсіз болған жағдайда консилиум ұйымдастыру.
4	Үлгерімі нашарлардың олқылықтарды жою іс-шараларына қатысу дәрежесі	Оқушылардың пассивті позициясын қалыптастыру қаупі, іс-шаралардың бөліктерін немесе барлығын өз бетінше әзірлеуге құлықсыздық пен қабілетсіздіктің болуы;	Білім деңгейі жоғары оқушыларды үлгерімі нашар оқушыларға тьюторлық сүйемелдеу жасауға тарту.
5	Олқылықтарды толтыру бойынша мұғалімдер жұмысы	Тиімсіз жұмыстың болуы/ жұмыстың мүлде болмау қаупі.	Lesson Study тәсілін қолдану арқылы сабақты бірлесіп жоспарлау, білімдегі ақауларды жою немесе азайтуға ықпал ететін зерттеу сұрағын таңдау. Білімдегі олқылықтарды жою, қиындықтар мен регреспен жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынба әзірле, педагогтерді әдістемелік қолдау.
6	Үлгерімі нашар және үлгермеуші оқушыларды қолдауға бағытталған оқу-тәрбие жобаларын жүзеге асыру	Оқу-тәрбие саласындағы жобаларды жүзеге асыру өнімінің болмау қаупі.	Әртүрлі проблемалар бойынша шығармашылық топтардың жұмысын ұйымдастыру. Артта қалған оқышылардың ынтасын арттыру бойынша стейкхолдерлерді тарту.
7	Білім алушылардың демалысын ұйымдастыру бойынша жұмыстар	Оқушылардың каникул кезінде ұйымдастырылған шараларға /лагерлерде қатыспай қоюы, өз уақытын тиімсіз өткізу мен енжарлық таныту қаупі.	Орта білім беру ұйымдарында демалыс кездерінде білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, дамытушы орта қалыптастыру.
8	Білім алушылардың сабаққа қатысуы	Сабақтан көп қалуына байланысты, оқушыларда білім сапасының түсуі, білімдегі олқылықтарды өз бетінше толтыра алмау қаупінің өсуі.	Өз бетінше оқуға арналған материалдар әзірлеу, интербелсенді платформалардың көмегімен білім тексеруге арналған тестер құрастыру. Әр параллельде сабақты жиі босататын оқушылар үшін «білімді теңестіру топтарын» құру. Мотивациясы төмен оқушыларды қоғамдық жұмыстарға, мектептегі өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру жұмыстарына тарту.

#### IV. ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ

№	Бақылау нысаны	Мәселелер, қауіп-қатерлер	Басқару шешімдерінің нұсқалары
1	Оқушылардың ғылыми жобаларға, байқауларға, олимпиадаларға қатысуы	<p>1.Педагогтің оқушылармен ғылыми-зерттеу жұмыстарын әлсіз жүргізуі</p> <p>2.Білім алушыларда зерттеуші ретінде жұмыс істеу дағдысының болмауы</p> <p>3.Тақырыпты, зерттеу әдістерін таңдауда, теориялық материалдарды іріктеуде дербестік пен талдамалық дағдылардың болмауы</p>	<p><i>Ғылыми жетекшілердің жауапкершілігі:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- оқушымен жоба бойынша жұмыс жоспарын құру, зерттеу күнделігін жүргізуді бақылау;</li> <li>- консультациялар мен бақылау кездесулерін ұйымдастыру (тарауларды жазу, эксперимент жүргізу, апробация, әдебиеттерді зерттеу және т. б.);</li> <li>- жоба бойынша жұмысты уақтылы түзету;</li> <li>- конкурсқа қатысушының теориялық, тәжірибелік, соның ішінде пәндер бойынша тестілеуге дайындығы.</li> </ul> <p><i>Директордың ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасарының жауапкершілігі:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Әртүрлі деңгейдегі қатысушылар үшін тақырыптық кездесулер ұйымдастыру;</li> <li>- Ғылым күндерін, зерттеу қызметінің онкүндігін өткізу.</li> </ul>
2	2.Педагогтердің ғылыми-зерттеушілік қызметі	<p>1.Мұғалімнің ғылыми жетекші ретіндегі жұмыс тәжірибесінің болмауы</p> <p>2.Мұғалімнің ғылыми-зерттеушілік жұмысқа жетекші ретінде қажетті деңгейде дайын болмауы</p> <p>3.Зерттеу жүргізу тәжірибесінің болмауы</p> <p>4.Мектепте оқу-зерттеу қызметін жүргізу кезінде педагог-магистрлердің болмауы немесе олардың инерттілігі</p>	<p><i>Әдістемелік бірлестік отырыстарында оқу-зерттеу жұмыстарының тиімділігін қарау.</i></p> <p><i>Педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру жөніндегі жұмысты Әдістемелік кеңестің үйлестіруі.</i></p> <p><i>Зияткерлік конкурстар мен олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындаған педагогтар үшін көтермелеу жүйесін құру ("Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың),</i></p>

			<p><i>орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстары мен спорттық жарыстардың тізбесін және олардың критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы) іріктеу ")</i></p> <p>Тәжірибелі ғылыми жетекшілердің оқу құралдарын шығаруы.</p> <p><i>Директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарының жауапкершілігі:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ғылыми жобаларды алғаш рет басқаруды жоспарлап отырған мұғалімдерге арналған семинарлар;</li> <li>- зерттеу қызметінің мәселелері бойынша шығармашылық топтардың жұмысын ұйымдастыру;</li> <li>- табысты ғылыми жетекшілердің тәжірибесін тарату;</li> <li>- сабаққа жобалау технологияларын енгізу мәселесін зерделеу.Әдістемелік кеңес отырыстарында оқу-зерттеу қызметінің тиімділігін қарау.</li> </ul>
3	Дарынды және білімге құштар балалар базасы;	Дарынды балалардың дерекқорына мұғалімдердің қол жетімділігінің болмауы,диагностика жасау құралдарының болмауы	<p>Оқушыларды диагностикалаудың интерактивті формаларын қолдану</p> <p>Талаптарын, күшті және әлсіз жақтарын көрсете отырып талантты оқушылар базасын кеңейту</p> <p>Жоғары деңгейде сыни тұрғыдан ойланатын, зерттеу дағдылары қалыптасқан және шешендік өнері бар, қабілетті оқушыларды анықтау мақсатында мектепшілік іс-шараларды өткізу</p>
4	Сүйемелдеуді ұйымдастыру бойынша психологтардың жұмысы;	Зерттеушілік дағдысының қалыптасуын диагностикалаудың төмен деңгейі. Психологтың қабілетті оқушыларды анықтау деңгейінде ғана жұмыс істеуі, оқушыларды жүйелі ынталандыру мен қолдаудың және дамудың болмау қаупі.	<p><i>Дарынды және ынтасы жоғары оқушыларды сүйемелдеу және қолдау қағидаларын әзірлеу</i></p> <p><i>Психологтардың жауапкершілігі:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтау мақсатында сауалнама жүргізу;</li> <li>- қиындықтарды диагностикалау;</li> <li>- өзін-өзі дамытуға арналған тренингтер;</li> <li>- талантты оқушылар базасынан барлық оқушылардың</li> </ul>

			<p>белсенділігін талдау, төмен белсенділіктің себептерін анықтау.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сыныптың және әрбір оқушының зияткерлік картасын жасау;</li> <li>- оқушылардың зияткерлік дамуын диагностикалау мен мониторингілеудің мектепшілік жүйесін құру, қабілетті, дарынды резерв тобындағы оқушыларды анықтау</li> </ul>
5	ОҒҚ (оқушылардың қоғамдастығы); жұмысы ғылыми	<p>1.ОҒҚ жұмысындағы формализм, жұмыстың эпизодтық сипатта болу қаупі</p> <p>2.Зерттеуді ұйымдастыру процесіне ОҒҚ мүшелерінің тартылу деңгейінің төмендігі, өнімсіздік қаупі</p>	<p>Оқушылар зерттеулерінің басым бағыттары бойынша ОҒҚ белсенділерін, табысты түлектерді, ғылыми және кәсіптік қоғамдастық өкілдерін тарта отырып, пәрменді ОҒҚ жүйесін құру.</p> <p>ОҒҚ жұмысын құндылықтық түрлендіру (оқыту семинарлары, коучингтер, ғылыми тақырыптардағы пікірталастар, мектеп конференциялары, TED-сөз сөйлеулер)</p> <p>Мектептің әдістемелік кеңесінде белгілі бір кезеңдегі (жартыжылдық, оқу жылы) жұмыс қорытындыларын қарау</p> <p>ОҒҚ (оқушылардың ғылыми қоғамдастығы) жұмысын ұйымдастыру.</p> <p>ОҒҚ жұмысын ұйымдастыру (оқыту семинарлары, коучингтер, ғылыми тақырыптар бойынша дебаттар, мектеп конференциялары, TED-сұхбаттар).</p>
6.	Ғылыми жобаны рәсімдеу, қорғау және таныстыру материалдарын дайындау	<p>1.Жұмысты рәсімдеу мен қорғауға ұсыну талаптарының орындалмау қаупі.</p> <p>2.Зерттеуді жүргізу үшін ресурстардың болмауы (материалдық, зертханалық, уақытша)</p>	<p>Тәжірибе алмасу мақсатында ғылыми жетекшілер мен оқушылардың (түрлі конкурстарға қатысушылардың) қатысуымен жобаны алдын ала қорғауды ұйымдастыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- <i>Директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарының жауапкершілігі:</i></li> <li>- сыртқы ғылыми кеңесшілерді тарту;</li> <li>- ғылыми жетекшілердің жұмысын бақылау, алдын ала қорғауды ұйымдастыру.</li> </ul>

## V. МҰҒАЛІМНІҢ ШЕБЕРЛІК ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ДАЙЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ДЕҢГЕЙІН БАҚЫЛАУ

№	Бақылау нысаны	Мәселелер, қауіп-қатерлер	Басқару шешімдерінің нұсқалары
1	Педагогикалық кадрлармен жасақталуы	Тиісті білімі жоқ педагогтардың пәндерді оқыту қаупі	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына сәйкес бос орындарға конкурс өткізу. Маман емес педагогтерді қайта даярлау курстарына жіберу.
2	Педагогтердің әдістемелік дайындық деңгейі	<p>1. Әдістемелік даярлықтың төмен деңгейі (мамандыққа қайта оралған жас мамандар, мамандыққа «бүйірден кіру»).</p> <p>2. Кәсіби және тұлғалық өсу үшін жағдайлардың болмау қаупі (мектепте шеберліктің төмен деңгейі, дамудың жекелеген аспектісі бойынша «бейресми» тәлімгердің болмауы, педагогтардың пассивті позициясы)</p>	<p>Өздігінен білім алу және жаңа білім іздеу - білім беру процесінің әрбір қатысушысының ішкі қажеттілігі болатын «білім алушы ұйым» құру.</p> <p>Мектепте ұйымдастыру немесе педагогтерді оқыту семинарларына жіберу, оқыту платформаларын таңдау, әдістемелік жұмыстың жекелеген аспектілерін зерделеу бойынша корпоративтік бағдарламаларды іздеу.</p> <p>ММ отырысында, әдістемелік және педагогикалық кеңестерде барлық сөз сөйлеулерді дайындау кезінде талдамалық тәсілге қойылатын талаптарды әзірлеу.</p> <p>Мұғалімнің кәсіби өсуі үшін түрлі бірлестіктердің жұмысын ұйымдастыру: әдістемелік бірлестіктер, шығармашылық, жұмыс және зерттеу топтары, желілік қоғамдастықтар.</p> <p>Педагогикалық ұжымның әдістемелік жұмысын</p>

			жетілдіруге бағытталған Lesson Study және Action research (LS және AR) зерттеулерін ұйымдастыру
3	Шығармашылық / зерттеу топтарының жұмысы	<p>1. Шығармашылық/зерттеу топтарының жұмысын формалды жүргізу қаупі (сабаққа бармай құжаттарды толтыру, бірлескен жоспарлау нәтижелерінің болмауы, жауапкершілікті тағайындалған «көшбасшыға» ауыстыру, зерттеу проблемасын қоюға, нәтижелерді жақсарту бойынша деректерді жинауға ғылыми тәсілдің болмауы және т.б.)</p> <p>2. Әдістемелік жұмысқа жетекшілік ететін директордың орынбасарында топтар жұмысын ұйымдастыруда тәжірибе мен іскерліктің болмау тәуекелі, шығармашылық немесе зерттеу топтарының құрамын іріктеудегі қателіктер, педагогикалық сұраныстарды және психологиялық жайлылықты елемеу.</p>	<p>Педагогтарды оқыту әдістемесін жақсарту мақсатында семинарлар өткізу, педагогтарға Сабақты зерттеуді ұйымдастыру және өткізу бойынша кеңес беру және Практиканы іс-қимылда зерттеу</p> <p>Шығармашылық және зерттеу топтарының табысты практикасын зерделеу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру</p> <p>Жоспарлау бойынша бірлескен жұмыс үшін жағдай жасау, сабақтарды бақылауды ұйымдастыру кестесін түзету</p> <p>Зерттеу нәтижелерін ресімдеуге көмек</p> <p>Әдістемелік жұмысқа жетекшілік ететін директордың орынбасарын инновациялық менеджмент тәсілдеріне оқыту.</p> <p>Педагогикалық өзара іс-қимылдың инновациялық нысандарын енгізу (flesh-семинар, construct-семинар, хакатон, квест және т.б.).</p>
4	Мұғалімнің кәсіби дамуы және өзін-өзі жетілдіруі	<p>Әрбір педагог үшін құзыреттер мен өлшемдерді айқындайтын «Педагог» кәсіби стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығының талаптарын бұзу қаупі:</p> <p>- ұдайы кәсіби даму, өзінің кәсіби өсуін басқару және тиімді педагогикалық қызмет үшін құзыреттілікті дамыту;</p>	<p>Педагог стандартының талаптарын орындау мониторингі (еңбек шартын бұзу үшін дәлелді базаны жинау орындалмаған жағдайда).</p> <p>Біліктілікті арттыру курстарына жіберу.</p> <p>Жас педагогтарды қолдау үшін іс-шаралар ұйымдастыру (жас мұғалімдердің онкүндігі,</p>

		<p>- өзін-өзі дамыту дағдысы және көшбасшылыққа ұмтылу;  - өз тәжірибесі мен әріптестерінің тәжірибесін рефлексиялау.</p>	<p>әдістемелік квесттер, конкурстар)</p> <p>Педагогтардың тәжірибесін трансляциялау үшін іс-шараларды жоспарлау (шеберлік сыныптары, сабақтарды өзара қамту, стратегиялық сессиялар,)</p> <p>Командалық оқытуды ұйымдастыру (менторинг, коучинг)</p> <p>Педагогикалық рефлексияны жетілдіру бойынша тренингтер ұйымдастыру</p> <p>Педагог табысының өлшемдері мен шарттарын айқындай отырып, мектепшілік рейтингтік жүйені енгізу</p>
--	--	---	---

## VI. ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ, ӨТКІЗІЛГЕН ІС –ШАРАЛАРДЫҢ САПАСЫН БАҚЫЛАУ

№	Бақылау нысаны	Мәселелер мен қауіп-қатерлер	Басқарушылық шешім жолдары
1	Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысы жоспарын тексеру және бекітуді іске асыру	1. Жоспардың нормативтік құжаттарға сәйкес келмеу қаупі 2. Жоспардың уақтылы іске асырылмауы 3. Жоспардың жекелеген бағыттарын іске асырудың формалды тәсілі	Сынып жетекшілердің ӘБ тәрбие жоспарын талқылау және жүзеге асыру  Сынып жетекшілерімен әдістемелік жұмыстарды күшейту, енді бастаған сынып жетекшілерге қолдауларды ұйымдастыру.
2	2. Тәрбие үрдісі	1. Тәрбиелілік деңгейі төмен, девиантты және деструктивті мінез-құлықты білім алушылар санының ұлғаю қаупі, буллинг, зақымдану жағдайларының көбеюі 2. 1, 5-сыныптардағы білім алушылардың, жаңадан келген оқушылардың нашар бейімделуіне тигесінде үлгерімнің төмендеу қаупі 3. 8-11 сынып білім алушыларының кәсіптік бағдарлау бойынша формалды жұмысқа үйісу	Сынып жетекшілерімен әдістемелік жұмысты күшейту  Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын күшейту  Ата-аналардың, ата-аналар комитетінің сынып пен мектептің тәрбие жұмысына тартылуын арттыру  Колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектерін, оқытушылары мен студенттерін, әрсаланың кәсіп мамандарын тартып, кәсіптік бағдарлау жұмысының нысандарын әртүрлі ету
3	Білім алушылардың өзін-өзі басқаруға тартылуы, мектептің тәрбие процесіне белсенді қатысуы	Оқушылардың пассивті ұстанымы қалыптасуы, өздігінен ұйымдастыру қабілетінің болмауы және іс-шараларды өткізуге құлқының болмау қаупі	Сынып жетекшілерімен бірқатар оқыту әдістемелік іс-шараларын өткізу  Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысының жүйесін өзгерту
4	Мектеп пен отбасының әрекеттестігі	1. Оқушылардың заңды өкілдерімен, ата-аналарымен немқұрайлы түрде жұмыс атқару қаупі 2. Мектептің тәрбие жұмысына ата-аналардың пассивті түрде қарау қаупі	Сынып жетекшілерімен әдістемелік жұмысты күшейту (оқыту семинарлары, ата-аналар жиналыстарын бірлесіп әзірлеу, ата-аналармен өзара іс-қимылдың жұмыс нысандарының әртүрлілігі және т.б.)

			Ата-аналардың, ата-аналар комитетінің сынып пен мектептің тәрбие жұмысына тартылуын арттыру
5	Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету Зорлық-зомбылықтың алдын алу	<p>1. Турникет пен бейнекамера жұмысының істен шығу қаупі.</p> <p>2. Оқушылар өмірінің қауіпсіздігіне жауапты сынып жетекшісінің немқұрайлы қарау қаупі.</p> <p>3. Отбасындағы, мектептегі зорлық-зомбылық, қорлау, буллинг жағдайлары анықталғанда әлеуметтік педагог пен психолог жұмысындағы немқұрайлық қаупі.</p> <p>4. Оқушылар ұжымындағы тұлғааралық проблемалардың алғашқы сигналдарын елемей қаупі.</p>	<p>Бейнекамералардың, турникеттің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету</p> <p>Сынып жетекшісінің қауіпсіздік, төзімділік мәселелері бойынша, ұжымдық құндылықтарды қалыптастыру бойынша сыныбымен жұмыс істеу әдістері мен нысандарының орындылығын анықтау</p> <p>Психолог пен әлеуметтік педагогтың, сынып жетекшілерінің жұмысын күшейту мақсатында қақтығыстардың туындау жағдайларын, буллинг жағдайларын мониторингтеу және талдау</p> <p>Ата-аналардың, ата-аналар комитетінің тәрбие жұмысына тартылуын арттыру</p> <p>Мектепте зорлық-зомбылық, буллинг, қауіпсіздікті бұзу фактілерін анықтау үшін оқушылар мен ата-аналарға сауалнама жүргізу</p>
6	Қосымша білім беру мен сыныптан тыс жұмысты жүргізу деңгейі	<p>Үйірме жұмыстары мен спорттық секциялардың формальды түрде ұйымдастырылуы</p> <p>«Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымдарының өзін-өзі басқару органдарымен әлсіз жұмысы</p> <p>«Балалар және театр», дебаттық қозғалыс, «Оқуға күштар мектеп» жобаларының жұмыстарын формальды түрде ұйымдастыру</p>	<p>Спорттық секциялар мен үйірмелердің жұмысына оқушылар мен ата-аналардың қанағаттануына мониторинг жүргізу</p> <p>Сынып жетекшілерімен, үйірмелер мен секциялар басшыларымен әдістемелік жұмысты күшейту</p> <p>Оқушылардың өзін-өзі басқаруының, сыныптан тыс жобаларға қатысушылардың жұмысын күшейту</p>

7	Оқушылардың жазға демалысын ұйымдастыру жұмыстары	<p>1. Жазғы демалыс кезінде оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың формальды түрде өту қаупі.</p> <p>2. Мектеп жанындағы лагерьге баратын оқушылардың саны аз болуы қаупі .</p>	<p>Жазғы кезеңде жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру.</p> <p>Оқушылар мен ата-аналардың сұраныстарын зерделеу негізінде мектеп жанындағы лагерьдің жұмыс жоспарын әзірлеу.</p> <p>Мектеп жанындағы лагерьде балалардың қауіпсіздігі жүйесін қамтамасыз ету.</p>
8	Оқушылардың қатысуы	<p>1. Білім алушылардың білім беру сапасын төмендету қаупі</p> <p>2. Құқық бұзушылықтардың туындау қаупі</p> <p>3. Қараусыз қалған мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу сапасын төмендету қаупі.</p>	<p>Қоғамдық жұмысқа және өзін-өзі басқаруға рұқсаттама бойынша тәуекел тобындағы оқушыларды тарту жоспарын әзірлеу.</p> <p>Жол берілмеушіліктің алдына лубойынша ақпараттар (әңгімелесу, сынып сағаттары, жиналыс, ұлдар, қыздар кеңесінің отырысы).</p> <p>Ата-аналарды жауапкершілікке тарту.</p>
9	Әлеуметтік әлсіз топтағы балалармен жұмыс	<p>1. Әлеуметтік қорғаусыз қалған отбасыларға материалдық көмекті уақтылы көрсетпеу қаупі.</p> <p>2. Тегін ыстық тамақпен, демалыс лагерьлеріне жіберумен, өзге де материалдық заттармен уақтылы қамтамасыз етілмеу қаупі.</p>	<p>Әлеуметтік аз қамтылған топ балалардың қажеттіліктерін анықтау, жанұялармен сынып жетекшілердің, психологтардың жұмысын бақылауды күшейту.</p> <p>Директор жанындағы отырыс, хаттама.</p>
10	10. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс (ЕБҚ)	Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін қауіпсіз, қолайлы орта қалыптастыру жұмыстарының формальды түрде жүру қаупі.	<p>Директорлар, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, психолог орынбасарларының жұмысын күшейту</p> <p>ЕБҚ балалардың ата-аналарына сауалнама жүргізу, проблемаларды анықтау және оларды шешу.</p>

# I. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ЖӘНЕ ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕС МЕКТЕП ҚҰЖАТТАМАСЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІН БАҚЫЛАУ

Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау формасы/ әдістері	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
Күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігі.	КТЖ да үлгілік оқу бағдарламасы талаптарының сақталуын қамтамсыз ету (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы)	КТЖ және Үлгілік оқу бағдарламасы	Фронталды	Кешенді-жалпылаушы бақылау / Құжаттар мен танысу	Тамыз	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Нуржанова А, Бірлестік жетекшілері	ПК	ӘБ отырыстарында күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды қарау, хаттама. Факультативтік және элективтік курстардың пәндері, бағдарламалары бойынша КТЖ-ды қорытындылары мен ұсыныстарын көрсете отырып, әкімшіліктің тексеруі.	Қаңтар
Оқу жұмыс жоспарының Үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі	Оқу жұмыс жоспарының үлгілік оқу жоспарына сәйкестігін анықтау(ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы)	Оқу жұмыс жоспары	Фронталды	Кешенді-жалпылаушы бақылау / Құжаттар мен танысу	Тамыз	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Нуржанова А	ПК	Анықтама	

Білім алушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы	Құжаттардың талапқа сай толтырылуын қамтамсыз ету.	Құжаттама	Фронталды	Персоналды бақылау / Құжаттар мен танысу	Қыркүйек	ДОІЖО Нуржанова А	ДЖК	Анықтама	Қаңтар
Электронды журналдың толтырылу жағдайы	Журналдың дер кезінде дұрыс толтырылуын, электронды журналды толтыру талаптарына сәйкестігін, бағалардың қойылуын анықтау.	Электронды журнал	Фронталды	Персоналды бақылау / Құжаттар мен танысу	Тоқсан сайын	ДОІЖО Нуржанова А, Жауапты маман Байтурова Н.	ДЖК	Анықтама	Тоқсан сайын
Жаппай оқумен қамтылу жағдайы	ҰБДҚ-на оқушылардың тіркелуін бақылау	ҰБДҚ қоры	Фронталды	Кешенді-жалпылаушы бақылау / Құжаттар мен танысу	Қыркүйек Қаңтар	ДОІЖО Нуржанова А, Жауапты маман Байтурова Н.	ДЖК	Тізімдер, бұйрықтар	Дағдылы
